



БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 23 сәуір

Жезказған қаласы

ПРИКАЗ

№ 14-42

город Жезказған

**«КМҚК «Айналайын» бөбекжайында
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
компаенс қызметін құру туралы»**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 қазандағы №365-VI ҚР Заңының 16 бабы, 3 тармағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. КМҚК «Айналайын» бөбекжайында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс қызметін құрылсын.
2. Тәрбиеші Орынбаева Бақыткүл Ниязовна- жауапты тұлға болып тағайындалсын және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасы нормаларының сақталуын қадағаласын.
3. Тәрбиеші Б.Н. Орынбаеваның лауазымдық нұсқаулығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестік қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен міндеттері енгізілсін.
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор *О.К. Кошакова* Кошакова О.К.

Бұйрықпен таныстым:

Орын.Сейтәлі Ж.Б.
Орын.Сейтәлі Ж.Б.

Келісіді
Кәсіподақ кеңесінің төрайымы
Сайдалинова Д.А.



Бекітемін
КМҚК «Айналайын» бөбекжайы
директоры Кошакова О.К.



КМҚК «Айналайын» бөбекжайы тәрбиешісі Б.Н.Орынбаеваның лауазымдық міндеттеріне қосымша

1. КМҚК «Айналайын» бөбекжайында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жауапты тұлға болып тағайындалуына байланысты негізгі тәрбиеші қызметіне қосымша осы функционалдық міндеттер жүктеледі:
- 1) квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
 - 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
 - 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
 - 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектiсi жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
 - 6) корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту;
 - 7) квазимемлекеттік сектор субъектiсi жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;
 - 8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттiгi Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
 - 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
 - 10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;
 - 11) квазимемлекеттік сектор субъектiсiнің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
 - 12) квазимемлекеттік сектор субъектiсiнің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
 - 13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.
 - 14) квазимемлекеттік сектор субъектiсi жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақталуын көздейтін ережелерді қосуды қамтамасыз ету.

2. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттемелерді беру ұсынылады:
- 1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрата және ала алады;
 - 2) олардың құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасай алады;
 - 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;
 - 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;
 - 5) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыра және өткізе алады;
 - 6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;
 - 7) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті;
 - 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды (органды) уақтылы хабардар етуге міндетті;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

Таныстым:

Срошбаева В.К. *Срош* 23.04.21.